



ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

табу үшін адамға ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек керек екен", – деп өрнектелген екен; Дарынды, талантты жастар қатарынан ғылыми шәкірттер дайындау; Білім-ғылым саласының майталман ұйымдастырушысы һәм жаңашыл басшы; Жұрт қамы, жұрт ісінде, яғни әлеумет ісінде белсенділік, білгірлік таныту екен.

Аталмыш тағылымдарды түгел талдап шығу бұл мақаланың көлеміне сыймайды. Біздер абзал тұлғаның әлеуметшіл істерінің бір парасы – танымал тұлғаның туған жерге деген перзенттік парызына адалдығы, құрметі мен ықыласы, қолдауы мен қамқорлығы туралы ғана сөз қозғағымыз келеді. Елбасы Н.Назарбаевтың "Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты бағыттарының бірі – туған жерді түлету мәселесіне бағытталғаны баршамызға мәлім. Туған жер – қазақ баласы үшін ең қадірлі құндылықтардың бірі. Сондықтан Президент бағдарламада қазақстандықтардың отаншыл сезімін арттыру үшін туған жердің тарихи, географиялық, биологиялық қадыр-қасиетін, танымал тұлғаларын тану жайында келелі ойларын ортаға салды, жаңа міндеттер белгіледі. Академик



тұлғаға ескерткіш орнатып, ас берді. Соның алдында ғана, көктемнің сәуір айында Ә.Бөкейханның 150 жылдығына орай республикалық деңгейдегі конференцияны ұйымдастырып, Ахаң атындағы университет ауласынан Торғай-Қостанай өңірінен шыққан Алаш зиялыларына атап арнайы жас көшеттер отырғызып, "Алаш аллеясын" ашқан едік. Жергілікті зиялы азамат Ибрагим Ағытайдың бастамасымен, Кенжеғали Әбенұлының қолдауымен Әуликөлде Ахаң ескерткіш ашу шарасы облыс көлемін былай қойғанда, республикаға танылған ауқымды іс болды. Мүсінші маманның қолынан шыққан Ахаңның ескерткіші ауданның қақ орталығынан орын теуіп, үлкен конференция ұйымдастырылды. Конференция жұмысына Алматыдағы А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының директоры М.Малбаков, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Х.Әбжанов, Ахаң атындағы музей директоры Р.Имаханбет, Астанадан ақын С.Тұрғынбеков және жергілікті ғалымдар, зиялы қауім өкілдері қатысты. Даңқты жерлесіміздің туыстары Әуликөлге Алматидан арнайы келді. Алаш арыстарының ескерткіштері аудан орталығына

ДАРАЛЫҚ ФОРМУЛАСЫ

ҚОСТАНАЙ өңірінен туған Алаштың талай азаматтары дүниеге келіп, ұлт үшін жемісті еңбек етті. Сол Алаш азаматтарының алтын сынығы, олардың кезінде ел үшін атқарған жасампаз қызметтерінің бүгінгі мағыналы да мәнді жалғасы – экономика ғылымдарының докторы, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев. Оның еңбегі ғылым жолындағы қызметі арқылы айрықша айшықталып, басшылық, қайраткерлік қызметпен өрнектелді. Экономист ғалым ретінде оның есімі кешегі дүрілдеген Кеңес Одағына, бүгінде әлем кеңістігіне кең тараған ғалым. Қазақстан нарыққа бет бұрғанда алғашқы реформалар Елбасының бастамасымен, алдымен экономика саласында жүзеге асырылды. 90-жылдардағы сол бір ауыр экономикалық реформалардың бағытын саралап, бағдарын бағамдау, тіпті, оны жүзеге асыратын жаңа тұрпатты мамандарды дайындауда беделді жоғары оқу орнының ректоры, Ұлттық ғылым Академиясының Президенті ретінде басшылық қызметтер атқарған Кенжеғали Әбенұлы сынды білікті экономист мамандарға салмақ түсті.

"Нар жолында жүк қалмас" дегендей, Кенжеғали аға бұл істі абыроймен атқаруға бір кісідей атсалысты. Ғалымдар мен білгір мамандардың қажырлы еңбегі арқасында Қазақстан сырткөз сарапшылардың бағалауынша, ХХІ ғасырдың басында ТМД көлемінде бірінші болып нарықтық экономикаға көшкен ел деп танылды. Елімізге шет ел инвесторларының қаржысы құйыла бастады. Социалистік экономиканы капиталистік нарыққа қысқа уақытта көшіре білген қазақтың экономист ғалымдарын шет ел мамандары да мойындай бастады. Соның бір жарқын көрінісі ретінде 90-жылдың орта шенінде Кенжеғали Әбенұлының АҚШ-тың Нью-Йорк академиясының мүшесі болып қабылдануын атауға болады.

Ауыл мектебінің табалдырығынан Ұлттық Ғылым Академиясының төріне озған, бірнеше беделді оқу орындарын басқарған Кеңеғали Әбенұлының дара жолы – тағылымы мол мектеп. Біздер кейде өзге жұрттың мектебін қызықтауға, зерттеуге құмармыз. Ал өзімізден шыққан академиктер мен қайраткерлердің мектебін неге ескермейміз? Ендеше Сағадиев мектебінің тағылымы қандай? Шама-шарқымыз жеткенше санамалап көрелік: Жалындаған жастық шақта биік арман мен келелі мақсат қоя білу – жетістікке жетудің бірінші баспалдағы, алғы шарты. Халық даналығына сүйеніп айтсақ, жастық шақтың жалынына оранып, шоғына қызып, жеке жүріп, дара жол табу; Қажырлы қайратқа, ақыл-парасатқа, ыстық ықыласқа сүйенген тынымсыз еңбекті өміріне серік ету. Бұл қаракет хакім Абайдың пайымында: "Ғылымды

Кенжеғали Сағадиев Елбасының бастамасына қолдау көрсетіп, туған жерінің, елінің мерейін асыруға ерекше үлес қосып келеді. Оның тікелей қамқорлығы мен қолдауының арқасында Шақшақ Жәнібек батырға Қостанай қаласында, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлына Әуликөлде ескерткіш орнатылып, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Білім министрі Ш.Шаяхметке облыс орталығынан көше атауы берілді. Мұндай іргелі, салмақты істер елдің иесін танытуға, рухын көтеруге, киесін қайтаруға қосылған маңызды істер екендігі анық.

Қостанайдың әуе дарбазасы – әуежайдан қалаға кіретін күре жолдың бойында қазақ жерін жат жұрттың басқыншылығынан қорғаған Шақшақ Жәнібек батырдың, мәмілегердің атқа қонып, қырағы қарап тұрған ескерткіші өңірге аяқ басқан кісілерге бұл жердің иесі бар, қорғайтын киесі бар деген түсінікті меңзейтіндей. Өткен ғасырдың 20-жылдары Кеңес өкіметі жері шұрайлы Қостанайды Ресейдің Челябинь губерниясына қоспақ болғанда, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтары басын қауіп-қатерге тіге отырып, қазақтың қаны төгілген, ел қорғаған батырлар тұлпарының тұяғы дүбірлеген қазыналы өлкені Қазақ автономиясының құрамына алып қалған еді. Бұл тарих – көзі ашық, көкірегі ояу қазаққа мәлім. Сол тарихты көкірегіне сақтаған, көңіліне түйген әрбір азамат Шақшақ Жәнібек батырдың еңселі, асқақ ескерткішіне қарап, шүкіршілік айтып, рухтана түсетіні сөзсіз.

Киелі жердің рухы ерлердің жаугершілік замандағы батырлығымен қатар, айтулы тұлғалардың бейбіт өмірдегі жасампаз тірліктері арқылы да сақталады. Танымал тұлғалар атқарған жасампаз тірліктер елдің рухын сауықтырады, салмақты істерге мұрындық болып, ұлттың руханиятын құрайды. Руханият – елдің сауыты. Ал сауыты мықты жұрт – Мәңгілік ел. Алаш зиялыларының алтын бесігі Торғай-Қостанай – қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан өлке. Бұл әрбір қазаққа мәлім әрі ыстық ұғым. ХХ ғасырдың басындағы аласапыран дәуірде "Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады", "Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі" деген тағылымды сөздер Ахмет Байтұрсынұлының дабылы еді. Қазақтың көз алдында қарапайым ауыл мектебінен ұлт ұстазы деңгейіне көтерілген Ахаңның мұрасын тану, оның есімін ардақтау шараларына Кенжеғали аға сүбелі үлес қосып келеді. Қазір, шүкір, ахметтанушылар қатары мол. Десек те, өзіміз куә болған бір оқиғаны тілге тиек етпекпіз.

2016 жылдың жаз айларында А.Байтұрсынұлының ұрпақтары Әуликөл ауданының орталығына ұлы

на да жете бастағанына халық шүкіршілік етті.

Конференцияға Кенжеғали аға модератор бола отырып, көп тағылымды ойлар айтты. Өзі арнайы баяндама жасап, Ахаңды әлемдік ойшылдар қатарынан орын алатын ғұлама ғалым деп бағалады. Қоғамтану ғылымындағы К.Маркс пен А.Байтұрсынұлының пікірін салыстыра талдаған ойларын ортаға салды. "Ұлт перзенті Ахаңды қалай бағалай білуіміз керек? Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ойшыл-ғұламалығымен әлем деңгейіне көтеріле білді. Оны әлем ғұламаларының деңгейіне көтеріле білген ұлтымыздың кеменгері дегеніміз дұрыс емес пе!?", – дей келе, ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде атап өтуге бүгіннен бастап қам-қаракет жасау қажеттігін алға тартты.

Академик ағамыздың баяндамасын тыңдай отырып, ол кісінің Ахаң деген құрметінің тереңдігіне, Алаш қозғалысының тарихы жайынан білімінің кеңдігіне разы болдық. Көне діни тәмсілдерде "Ең бірінші сөз болған" дейді. Кезінде "Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел" деп хәкім Абай жар салған еді. Біз Тәуелсіздік туын көтергеннен бастап ұлт мәселесінде сөзі түзелген елміз. Көлдер шоғыры үйір болып жиылған Әуликөлден бастау алған сөз – бастама ЮНЕСКО тізгінін ұстаған кісілердің құлағына біздің Үкіметтің атынан уақытында жетіп, еліміз ол істі абыроймен атқарады деген үміт жұртшылықтың көңіліне орнықты. Себебі, ол шаруаның артында жанашыр азаматы, ал оның соңында қолдайтын жұрты бар.

Қоғам қайраткері, әлеуметшіл азамат Кенжеғали Сағадиевті жерлестері – қостанайлықтар әрдайым ардақтайды. Қайраткердің сан алуан қадыр-қасиеттерді бір үйлесімге бағындыра білуі – тектілік, ана сүті, туған жер киесі, білім мен ілім қазынасы, тәжірибелік таным сынды күрделі ұғымдар жиынтығынан тұратын қадір-қасиет. Бұл қадір-қасиеттер даралық формуласын құрайды. Түптеп келгенде, алты алаштың көсемі Әлихан Бөкейханның: "Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден" – деп келетін тәмсіл сөзінің киесі бүгінгі Кенжеғали Әбенұлының бойына білім мен мінездің орнығуынан көрінетін сынды.

Туған жер тұлғаларын, Ахаң сынды арыстарды ардақтап, еліне қалтқысыз қызмет етіп жүрген мемлекет және қоғам қайраткері Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев сегіз ондық белесіне сергек көтерілді. Құтты болсын!

Алмасбек ӘБСАДЫҚ,
филология ғылымдарының докторы,
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ профессоры.